

**"Бастауыш сыныптар" бірлестігінің «Баспалдағы білімнің
бастауыштан басталған» атты онкүндігі аясында жүргізілген
жұмыстарының**

ЕСЕБІ

Қаңтар айының 15 жұлдызы мен 26 жұлдызы аралығында «Бастауыш сыныптар» бірлестігінің онкүндік апталығы өтті

Мақсаты:

Әр баланың қабілеттерін ашуға жағдай жасау;

Оқытылатын пәндерге ынталандыру деңгейін арттыру;

Әр адамның өмірінде білімнің маңызды екендігін түсіндіру,

Ұжымдық жұмыс істей білуге тәрбиелеу;

Оқушылардың шығармашылық, зияткерлік қабілеттерін дамыту;

Заман талабына сай білім беру арқылы оқушылар мен әріптестер арасындағы қарым-қатынасты нығайта отырып, өз беттерімен ізденіп, білім алуға деген ынталы, жалынды болашақты жаңашылдыққа баулу.

Апталықтың ашылу салтанатында оқушылар Аяз ата мен Ақшақарлар болып, мұғалімдер мен оқушыларды қарсы алды. Қоян, қасқыр, жолбарыс, аю кейпіне енген балалар ортаға шығып, өнерлерін көрсетті. Домбыра ұстаған бүлдіршіндеріміз өнерлерін ортаға салды.

Ашылу салтанаты 1-4 сынып оқушыларына қызықты өту үшін "Қыс қызығы" тақырыбы аясында жүргізілді. Осы орайда оқушылар Аяз Ата мен Ақшақар және ертегі кейіпкерлері көңілді шеруге қатысты.

16 қаңтар күні 2 сыныптар арасында "Сауатты жаза білейік!" тақырыбында диктан жазу сайысы өткізілді. Сайыс мақсаты: Оқушыларды сауатты, көркем, қатесіз жазуға машықтандыру, каллиграфиялық қабілетін қалыптастыру болатын. Ұйымдастырушылар: Исламбекова А., Әбенова А. Оқушылардың жұмыстары сараланып, арнайы диплом, алғысхаттармен марапатталды.

17 қаңтар күні 1 сыныптар арасында "Сиқырлы қыс" тақырыбында сурет байқауы ұйымдастырылды. Мақсаты: Дарынды оқушыларды анықтау, оларға

қолдау көрсету,бейнелеу өнері деген сүйіспеншіліктерін арттыру.Нәтижесінде жұмыстар сараланып,арнайы дипломдар мен алғысхаттармен марапатталды.

Сонымен қатар,17 қаңтар күні 2 сыныптар арасында "Қыс қызығы"тақырыбында жапсырма жұмыстар байқауы болып өтті.

Байқаудың мақсаты:Оқушылардың жапсырмалау,қиыстыру тәсілі арқылы әр түрлі бұйымдар жасауда шеберліктерін шыңдауой-қиялын дамыту.

17 қаңтар күні "Бастауыш сыныптар"бірлестігі мұғалімдері арасында "Үлгермеуші қайдан пайда болады?" тақырыбында коучинг ұйымдастырылды.Мақсаты:Қазіргі таңда кейбір балалардың сабаққа үлгерімінің төмен болу себептерін анықтау және зерделеу.

18 қаңтар күні 3 сыныптар арасында "Қыс кереметі"атты экибано жасау көрмесі өткізілді.Көрмені ұйымдастырудың мақсаты:еңбекті қадірлеуге,әр нәрсені ұқыпты,тиімді,үнемді пайдалануға баулу.

18 қаңтар күні бастауыш сынып мұғалімдері Мырзахметова Әлия,Әбитаева Мөлдір,Айтбай Динара,Айғабыл Нұргүлдің ұйымдастыруымен "Баспалдағы білімнің бастауыштан басталған" атты онкүндік апталықта 2сынып оқушыларының білімдерін тексеру мақсатында "Ойна да,ойла!"атты білім сайысы өткізілді.Мақсаты:Оқушылардың жан-жақты білімдерін тексеру,логикалық ойлау,есте сақтау қабілеттерін шыңдау,өз ойларын еркін жеткізе білуге тәрбиелеу.

Білім сайысы 4-кезеңді қамтыды:

1-кезең: "Білімді тексер!"

2-кезең: "Қызық сөйлем"

3-кезең: "Суретті сөйлет"

4-кезең: "Мақалды дұрыс орналастыр"

Сайыс барысында әр оқушының жұмысы сараланып,жинаған ұпайлары бойынша арнайы жүлделі орындармен марапатталды.

19 қаңтар күні 1 сыныптар арасында "Әдемі жазу -өнер" тақырыбында көркем жазу сайысы өткізілді.Жауапты мұғалімдер:Жуканова Н,Ахметова Ж,Қырданова А,Ақышева Н.

19 қаңтар күні мектепалды даярлық тобы оқушыларымен "Ертегілер еліне саяхат" тақырыбында сахналық қойылым ұйымдастырылды.

22 қаңтар күні "Инновациялық педагогикалық әдіс-тәсілдер" жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Мақсаты: заман талабына сай инновациялық әдіс-тәсілдерді ортаға салу арқылы іс-тәжірибесімен бөлісу, тиімділігі мен өзектілігін талқылау. Жәрмеңкеге бастауыш сынып мұғалімдері Жуканова Н, Дәужанова Л, Досқалиева А, Ілияс М, Ақышева Н, Айғабыл Н, Мутанова А, Шакиева С, Тоқсанбаева А. қатысып, өз іс-тәжірибелерінде қолданып жүрген әдістерімен бөлісті.

22 қаңтар күні "Тәуелсіздік белесі - ұлы арман кемесі" атты сахналық қойылым өткізілді. Мақсаты: Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының өмірбаян, басынан кешкен оқиғалары, шығармалары туралы тереңінен мағлұмат беру. Ақын өмірін оқушыларға үлгі етіп көрсетіп, өз елін сүйуге, оның көркеюіне үлес қосуға тәрбиелеу.

22 қаңтар күні бастауыш сынып оқушылары арасында "Шахмат-ақыл-ойдың спорты" атты шахмат жарысы ұйымдастырылды. Мақсаты: шахмат спорт түрлеріне оқушылардың қызығушылықтарын арттыру, шеберліктерін шыңдау. Ойын барысында оқушылар ойынның көркін қыздырып, ұпай жинау арқылы жүлделі орындармен иеленді.

23 қаңтар күні 2 сынып оқушылары арасында "Қысқы өлең өрнектері" тақырыбында мәнерлеп оқу сайысы ұйымдастырылды.

23 қаңтар күні 3 сыныптар арасында "Абайды оқы, таңырқа!" тақырыбында мәнерлеп оқу сайысы өткізілді. Мақсаты: ұлы ақынның шығармаларына шолу жасап, өлеңдерін мәнерлеп айту. Көркем сөйлеуге баулып, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру. Ұйымдастырушылар: Шырынханова Г, Алтаева А, Байымбетова К.

23 қаңтар күні 2 сынып қыз балалары арасында "Қыс ханшайымы" атты байқау ұйымдастырылды. Мақсаты: Қыздарымыздың ата-аналарын, өз құрбы-құрдастарының сөздерін тындап, халқымыздың салт-дәстүрін дәріптеуге тәрбиелеу; ой-өрістерін, қабілеттерін дамыту, өз ойларын еркін білдіре алуға тәрбиелеу.

24 қаңтар күні ерекше білімді қажет ететін оқушылар арасында "Менің қолымнан бәрі келеді" тақырыбында тренинг өткізілді. Мақсаты: Ерекше білімді қажет ететін оқушылардың бойларындағы қабілеттерін аша білу, бір-

бірімен жақсы қарым-қатынаста болуын қалыптастыру.Жан-жақтылыққа үйретіп,өздігінен еңбектенуге дағдыландыру.

24 қаңтар күні 4 "Д" сыныбында "Махамбет Өтемісұлына -220 жыл" тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.Мақсаты:ұлы күреске бабамыз Махамбеттің тарихи тұлғасы,дауылпаз ақындығы мен сазгерлік қабілеті,киелі аруақ иесі екендігін анықтау.

24 қаңтар күні 3 сыныптар арасында "Толағай" отбасылық сайысы өткізілді.Мақсаты:Оқушылар мен ата-аналарға адам денсаулығының қымбаттылығын,өмір сүру үшін қажеттілігін,бағалы байлық екендігін түсіндіру.

24 қаңтар күні 4 сыныптар арасында "Ұшқыр ой мен шешен тіл" тақырыбында білім сайысы өткізілді.Мақсаты:Оқушылардың білімдерін жинақтау және тереңдету,қызығушылықтарын арттыру,шапшаңдыққа баулу,белсенділіктерін арттыру.

25 қаңтар күні бірлестік мұғалімдер арасында "Ән -көңілдің ажары" атты ән сайысы өткізілді.Ән сайысының мақсаты:әр түрлі жанрдағы әндердің сырын сезініп,құрметтеу және бірлестік ішінде өтіп жатқан мәдени шараларға жауапкершілігін байқап,белсенділігін арттыру.

25 қаңтар күні 4 сыныптар арасында "Әке-тірек,бала-жүрек" тақырыбында тренинг өткізілді.Мақсаты:Мектеп пен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты күшейту,ата-анаға құрмет сезімін нығайту,әкенің бала тәрбиесіне ,оның біліміне,тәртібіне ықпал етуіне көмектесу және әке белсенділігін арттыру.

Ұйымдастырушылар:МолдахметоваҰ,Абдразахова С,Жайшылықова Р.

26 қаңтар күні "Баспалдағы білімнің бастауыштан басталған" атты тақырыбында "Бастауыш сыныптар" бірлестігінің ұйымдастыруымен өткізілген онкүндіктің жабылу салтанаты өткізілді.Ұйымдастырушылар Бимаханова Ж, Рсбаева А,Жанаева Р,Молдахметова Ұ,Мажит С,Айғабыл Н,Айтбай Д,Боранбаева Ж. мерекелік концерт өткізу арқылы көрермендерге керемет көңіл-күй сыйлады.Жабылу салтанатын ертегі құрылымына негіздеп ұйымдастырды.Оқушылар үш тілде сөйлеп,диалог түрінде концертті жүргізді. МАД тобының балалары "Алма" ертегісі қойылымын көрермендерге ұсынды.2 "З" сыныбының оқушысы Есенали Азиза М.Мақатаевтың "Қар жауып тұр" атты өлеңін мәнерлеп жатқа айтты. 2"О" сынып оқушысы Бабаш Айсезім "Биле,биле!" әнімен жалғастырды.3"В" сынып оқушысы Мұратбек Ақзейнеп А.Құнанбаевтың "Өлең-сөздің

патшасы,сөз сарасы" атты өлеңін мәнерлеп оқыды.2 "Г" сынып жігіттерінен құралған топ "Мен қазақпын!" атты патриоттық әнмен мерекелік кешті аяқтады."Бастауыш сыныптар" бірлестігінің онкүндік апталығы аясында ұйымдастырылған жұмыстар тізбесінің қысқаша қорытындысы осымен тәмәмдалады.

.

“Бастауыш сыныптар” бірлестігінің жұмыстары



“Бастауыш сыныптар” бірлестігінің жұмыстары



“Бастауыш сыныптар” бірлестігінің жұмыстары



“Бастауыш сыныптар” бірлестігінің жұмыстары



“Бастауыш сыныптар” бірлестігінің жұмыстары



“Бастауыш сыныптар” бірлестігінің жұмыстары

